



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, I

Адам құқықтарын халықаралық
қорғау.1-бөлім



Бұл дәрісімізде біз адам құқықтарын халықаралық деңгейде қорғауды түсіну үшін өте маңызды, қызықты сұрақтарды талқылаймыз. Мысалы, адам құқықтарының табиғаты, халықаралық құқықтағы адам құқықтарына идеологиялық көзқарастар, кейбір негізгі принциптер, ұлттық юрисдикция, ұлттық және аймақтық құқық қорғау мүмкіндіктерін сарқа пайдалану ережелері, құқықтардың приоритеті, адам құқықтары мен дәстүрлі халықаралық құқықтың арақатынасы, жалпы осы тақырып аясындағы Біріккен Ұлттар ұйымының жүйесі, топтар мен жеке тұлғалардың ұжымдық құқықтарын қорғау, адам құқықтары мен азшылық құқығын қорғауға қатысты өзін-өзі анықтау принципі туралы айтамыз.

Адам құқықтарының табиғаты

1948 жылы 10 желтоқсанда қабылданға Адам Құқықтарының Жалпыға Бірдей Декларациясының преамбуласында «әлемдегі барлық адамзат баласының ар-намысы, теңдігі және ажырамас құқықтарын тану – бостандықтың, әділдіктің және әлемдегі бейбітшіліктің негізі» деп көрсетілген. Халықаралық құқықта адам құқықтарының маңыздылығы кеңінен танылғанына қарамастан, олардың нақты табиғаты туралы бірқатар түсінбестік бар.

Тіпті «құқықтар» түсінігінің мағынасына қатысты әртүрлі пікірлер айтылады. Мысалы, кейбір «құқықтар» дереу орындалуы керек міндеттерге арналған, ал басқалары болашақ жүріс-тұрыс ережелеріне бағыт сілтейді.

Халықаралық құқықтағы адам құқықтарына қатысты мәжбүрлеу мен санкциялар өз алдына бөлек мәселе. Адам құқықтары концепциясы этика және моральмен етене байланысты. Қоғамның құндылықтарын көрсететін құқықтардың сәтті жүзеге асуына (орындалуына) әлдеқайда мүмкіндік мол.

Заң жүйесінде бекітілген құқықтарды, олардың моралдық түсінікті көрсететініне немесе көрсетпейтініне қарамастан, позитивті құқықтар санатына жатқызуға болады. Ал моралдық құқықтардың заңда қамтылуы міндетті емес.

Халықаралық құқықтағы адам құқықтарына идеологиялық көзқарастар

Халықаралық адам құқықтарына батыс әлемінің көзқарасы, жалпылай алғанда, адамның негізгі азаматтық және саяси құқықтарына баса назар аударады.

Басқаша айтқанда, Үкімет билігінің адам құқықтарын өз қалауынша реттеуіне шектеу қойылады. Ондай құқықтардың қатарына тиісті құқықтық процедура, ой-пікір еркіндігі, жиналу және діни наным-сенім еркіндігі, сондай-ақ, басқару процесіне саяси қатысу жатады.

Тункиннің жазуынша, халықаралық құқықтағы адам құқықтарын құрметтеу принципінің мазмұны жеке тұлғаның емес, мемлекеттің міндеттеріне көбірек мән береді. Себебі жеке тұлға халықаралық құқық субъектісі емес және халықаралық адам құқықтары туралы шарттар адамдарға тікелей құқық бере алмайды. Бұл ұстанымның кілті – мемлекеттің үстемдігі немесе орталық рөлі. Мұндай жағдайларда экономикалық және әлеуметтік мәселелерге екпін салып, дәстүрлі азаматтық және саяси құқықтардың рөлі төмендетіледі. Дегенмен 1980 жылдардың соңында халықаралық адам құқықтары мәселесінде саяси өзгерістерді қамтыған жаңа көзқарас қалыптаса бастады.

Дамушы елдерге ортақ көзқарас аталған екі түсініктің де элементтерін қамтиды. Мемлекеттердің теңдігі мен егемендігіне қамқорлық, сонымен қатар, әлеуметтік және экономикалық құқықтардың маңыздылығын тану «үшінші елдер» көзқарасына тән.

Осы орайда, Адам құқықтарының әмбебаптығы (яғни универсализм) мен мәдени дәстүрлердің релятивизмі арасындағы қарама-қайшылық айрықша қызығушылық тудырады. Бұл өз кезегінде соңғысын – Мәдени дәстүрлер релятивизмін жақтаушылардың адам құқықтары мәселесіне тек мәдени және діни дәстүрлер контекстінде қарау керек деген пікіріне ұласты. Осылайша олар адам құқықтары әмбебап деген пікірді сынға алады. Жалпы, мәдени дәстүрлер релятивизмі ұстанымының қауіпті жағы да бар екенін атап өтуіміз қажет. Себебі



адам құқықтары жөніндегі шартқа қатысушы, әрі дәстүрлі халықаралық құқықтың сәйкес нормаларына байланысы бар тарап ретінде міндеттеме алған мемлекеттер адам құқықтарын бұзған кезде, өздерінің әрекеттерін ақтап алу үшін мәдениеттегі айырмашылықтарды сылтау қылып, ақталуға тырысуы әбден мүмкін.

Кейбір негізгі принциптер. Ұлттық юрисдикция

Мемлекеттер басқа мемлекеттің ішкі ісіне араласа алмайды деген халықаралық құқықтағы негізгі норма мемлекеттердің теңдігі мен егемендігінен туындады. Бұл – халықаралық құқықтың негізгі нормасы. Сонымен қатар, ол адам құқықтарын саласындағы жаңа түсіндірменің нысанына айналды. Себебі мемлекеттер адам құқықтарын қорғаудың нашарлағанын жасыру үшін аталған нормаларға сүйенбеуі тиіс. Өйткені құқықтарын халықаралық процеске сай адам мойындаған мемлекет кейін ондай құқықты жүзеге асыру оның ішкі ісіне араласу деп уәж айта алмайды.

Ұлттық және аймақтық құқық қорғау мүмкіндіктерін сарқа пайдалану ережелері.

Бұл ереже жаңа ғана айтып өткен принципімізден туындайды. Бұл әдіс мемлекеттерге халықаралық механизмдер жұмыс жасап бастағанға дейін олардың ішкі мәселелерін өздерінің конституциялық процедураларына сай шешіп алуға мүмкіндік береді. Оны халықаралық құқықта қалыптасқан жалпы ереже десек те болады. Адам құқықтарын қорғаудың ішкі амалдары (мүмкіндіктері) тек теория жүзінде ғана емес, іс жүзінде де болуы керек. Халықаралық механизмдерді қолданғанға дейін ұлттық және аймақтық құқық қорғау мүмкіндіктерін сарқа пайдалану ережесі барлық халықаралық және аймақтық адам құқықтарын қорғау туралы шарттарда кездеседі. Бұл Халықаралық Азаматтық және Саяси Құқықтар туралы Пакттің Жалпы Протоколы процедурасына сай Адам Құқықтары Комитеті, Еуропалық Конвенция, Адам құқықтары туралы Америкааралық конвенцияда кеңінен қаралатын тақырып нысанына айналды.

Құқықтардың приоритеті

Адам құқықтары жөніндегі түрлі құжаттарда адам құқықтарының кейбіреуін тіпті соғыс жағдайында немесе мемлекетке қауіп төндіретін төтенше жағдайда да шектеуге жол берілмейді. Мысалы, Еуропалық Конвенция туралы айтар болсақ, онда өмір сүру құқығы, құлдыққа және зорлық-зомбылыққа тыйым салу, қылмыстың кері күші болмайды деген түсініктерді келтіруге болады. Ал Америкааралық Конвенцияда келесідей құқықтардан бас тартуға жол берілмейді. Олар: заңды тұлға құруға құқық, өмір сүруге және адами қарым-қатынас құқығы, ар-ождан және дін еркіндігі, отбасын құру құқығы, атын, азаматтығын таңдау құқығы, құқық және мемлекет өміріне араласу құқығы.

Жалпы, бас тартуға болмайтын құқықтардың құқықтар иерархиясындағы орны айрықша.

Адам құқықтары мен дәстүрлі халықаралық құқық

Көптеген адам құқықтары туралы халықаралық және аймақтық шарттарға қоса, кейбір адам құқықтары мемлекет тәжірибесіне байланысты дәстүрлі халықаралық құқыққа енген құқықтар болып саналады. Ондай құқықтар қатарына азаптауға, геноцидке, құлдыққа тиым салу, және дискриминацияға жол бермеу принципін жатқызуға болады. Оған қоса, арнаулы шарттарда бекітілген адам құқықтары қатысушы тараптар үшін *erga omnes* (эрга омнес) міндеттемесін жүктейді. Естеріңізге сала кетейік, *erga omnes* деген халықаралық құқық түсініктерінің бірі. Оған сәйкес, кез келген егеменді мемлекеттің халықаралық қатынастардың қатысушысы ретінде белгілі бір міндеттемелері болады. Олар сипаты бойынша әмбебап және олардың орындалуына барлық мемлекеттер мүдделі.



БҰҰ жүйесі

БҰҰ-ның Жарғысында адам құқықтары туралы бірқатар ережелер бар. Мысалы, 1-бапта ұйымның мақсаттарында адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын нәсілдік, жыныстық, діни немесе тіл айырмашылықтарына қарамастан құрметтеуді және көтермелеуді көздейді. Ал, 13(1) – бапта адам құқықтарын баршаға бірдей жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін Бас Ассамблея зерттеулер жүргізіп, өз ұсыныстарын енгізе алатыны айтылған.

Ал 55-бапта Біріккен Ұлттар Ұйымының адам құқықтарының жаппай құрметтелуі мен сақталуына ықпал етуі қарастырылған.

Алайда Малколм Шоудың пайымдауынша, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының ережесі нақты заңдық негіздегі адам құқықтарын қарастырмайды. Сондықтан ол ережені кез келген жағдайда қолдану қиын. Бұдан бөлек, Шоудың айтуынша, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысындағы тілдік қолданыс ескірген.

Бірақ Біріккен Ұлттар ұйымының іргесі қаланғалы бері адам құқықтарын қорғау жөнінде көптеген халықаралық шарттар жасалды. Олардың арасында 1948 жылғы Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясы, 1966 жылғы Халықаралық пактілер және т.б. бар.

БҰҰ-ның адам құқықтары саласындағы қызметі оның Бас Ассамблеясы қабылдаған Адам Құқықтарының Жалпыға Бірдей Декларациясына негізделеді. Декларация бірауыздан қабылданған еді. Ол заңды түрде міндетті құжат емес, преамбуласында көрсетілгендей «барлық адамдар мен ұлттардың жетістігінің ортақ стандарты» ретінде ойластырылған.

Декларациядағы 30 бап құқықтың саналуан түрін қамтиды. Мысалы, адамның бостандық және жеке басына қол сұғылмауына құқығы (3-бап), заң алдындағы теңдік (7-бап), тиімді құқықтық қорғау (8-бап), тиісті соттық процедуралар (9 және 10-баптар), азаптауға, жәбірлеуге тыйым (5-бап), жеке бас өміріне араласудан (қол сұғудан) қорғау (12-бап), еркін қозғалу, жүріп тұру еркіндігін қорғау (13-бап), саяси баспана беру (14-бап), көзқарасын еркін білдіру құқығы (19-бап), ар-ождан және дін бостандығы (18-бап) және жиналу құқығы (20-бап).

Сонымен қатар, Декларацияға еңбек ету және тең еңбекақы алу (23-бап), әлеуметтік жағынан қамсыздандырылу (25-бап) және білім алу құқығы (26-бап) секілді әлеуметтік және экономикалық сипаттағы құқықтар да енген.

Топтар мен жеке тұлғалардың ұжымдық құқықтары

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық құқық көбінесе жеке адам құқықтарына баса мән берді. Оған куә – Адам Құқықтарының Жалпыға Бірдей Декларациясы. Ал соңғы жылдары түрлі формада көрініс табатын ұжымдық құқықтар концепциясына көп көңіл бөлінеді. Дегенмен іс жүзінде жеке адам құқықтары мен ұжымдық құқықтардың ара жігін ажырату қиын. Кейбір құқықтар тек жеке басқа қатысты, мысалы, өмір сүру құқығы немесе өз еркін білдіру құқығы. Ал кейбір жеке құқықтар міндетті түрде ұжымдық сипатта көрінеді. Мысалы, бірігу құқығы немесе өз дінін ұстану еркіндігі. Кейбір құқықтар тек қана ұжымдық болып табылады, мысалы, өзін-өзі анықтау құқығы немесе геноцидке жол бермеу арқылы топтарды физикалық жағынан қорғау құқығы.

Ал кейбіреулерін жеке бас құқығының ұжым арқылы көрініс табуы дер едік. Мысалы, азшылыққа жататын тұлғалардың өз мәдениетін тұтыну, өз дініне ұстану, өз тілін қолдану құқығы.

Дискриминацияға жол бермеу

Дискриминацияға тыйым салу нормасы жеке тұлғаларға да, топтарға да қатысты принцип болып саналады. Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы Халықаралық конвенцияға 1965 жылы қой қойылды. Бұл конвенцияда «нәсілдік кемсітушілікті» нәсілі, терінің түсі, ұлттық не этникалық шығу тегіндегі айырмашылықтарға қарай, адам құқықтарының тең



дәрежедегі жүзеге асуын және оның саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және қоғамдық өмірдің басқа да салаларындағы негізгі бостандықтарын кеміту немесе түбегейлі жою мақсаты мен салдары бар әрекеттер деп анықтайды.

Конвенцияға қатысушы-мемлекеттер нәсілдік кемсітушілікке жол бермеуге және аталған құқықтардың барлық адамдарға теңдей деңгейде жетімді болуына кепілдік беруге міндеттеме алады. Сонымен қатар, өз юрисдикцияларына кіретін баршаны адам құқықтары бойынша тиімді құқықтық қорғау амалдарымен қамтамасыз етуге міндеттеледі.

Дискриминацияға тыйым салу принципі іс жүзіндегі, сондай-ақ, заң жүзіндегі формальды теңдіктің орнатылуын талап етеді.

Minority Schools in Albania, Албаниядағы азшылықтың мектептері атты істе Тұрақты Халықаралық Әділет Соты заң алдындағы теңдік кез келген сипаттағы дискриминацияның алдын алады, ал іс жүзіндегі теңдік түрлі жағдайлар кезінде теңдікті орнатқанда оң нәтижеге қол жеткізу үшін ыңғайға қарай қимылдауды қажет етеді деп атап өтті.

Халықтардың өзін-өзі анықтау принципі және адам құқығы

Адам Құқықтары Жөніндегі Халықаралық Пакттің 1-бабында барша халық өзін-өзі анықтауға құқығы бар деп көрсетілген. Осы құқықтың арқасында олар өздерінің саяси статусын анықтап, экономикалық, әлеуметтік және мәдени жағынан еркін дами алады.

1975 жылғы Хельсинки Қорытынды Акті де теңдік және өзін-өзі анықтау құқықтарын атап өтеді. Бұнда барлық халықтар толық еркіндік жағдайында, сырттан ешқандай араласусыз өздерінің ішкі және сыртқы саяси статусын анықтап, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуға ұмтыла алады.

Малколм Шоудың пікірінше, өзін-өзі анықтау принципі тәуелсіз мемлекеттерге қолданылады. Бірақ оны тәуелсіз мемлекеттерді ыдырататын құқықтық амал (инструмент) ретінде қолдануға болмайды.

Өзін-өзі анықтау принципін ұжымдық құқық принципі ретінде қолдануды Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі комитеті саралаған еді. Комитет өз-өзін анықтау мәселесі туралы жалпы тәртіптегі ескертпесінде «бұл құқықты жүзеге асыру адамның жеке бас құқықтарын сақтау мен оған тиімді кепілдік берудің ең маңызды шарты. Дегенмен бұл құқық, негізінен ұжымдық құқық ретінде жүзеге асырылады» деп нақты атап өтті.

Шоудың пікірінше, өзін-өзі анықтау құқығы демократиялық басқаруға қатысты принциптерді қарастыруға жалпы негіз ұсынады. 1996 жылы Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитет №21 жалпы ұсынымын қабылдады. Ол жерде өзін-өзі анықтаудың сыртқы және ішкі аспектілерін бөліп қарады, әрі соңғысы, яғни ішкі аспектісі «әр азаматтың кез келген деңгейдегі қоғамдық істерге араласу құқығымен» астасатыны айтылды. Канаданың Жоғары соты өзін-өзі анықтау «әдетте іштей өзін-өзі анықтау арқылы, яки адамдардың мемлекет аясында саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуға ұмтылысы арқылы жүзеге асады» деп пікір білдірді.

Азшылық құқықтарын қорғау

Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін басты назар адамның әмбебап құқықтарын халықаралық қорғауға ойысты, алайда кейбір құжаттарда азшылықтың құқығын қорғауға арналған ережелер болды.

Әсіресе, 1966 жылғы Азаматтық және Саяси Құқықтар туралы халықаралық пакт азшылық құқықтарын қайтадан халықаралық қауымдастықтың күн тәртібіне шығарды. Осы Пактің 27-бабына сәйкес, этникалық, діни, лингвистикалық азшылықтары бар мемлекеттерде осындай азшылық өкілдеріне өз тобының басқа мүшелерімен бірге төл мәдениетін дәріптеп, дінін ұстануға, туған тілін еркін еркін қолдануына ешкім кедергі бола алмайды делінген.



Малколм Шоу Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам Құқықтары комитеті бір жағынан азшылыққа жататын тұлғалардың құқығы мен екінші жағынан өзін-өзі анықтау, теңдік құқығы, дискриминацияға жол бермеу құқығы арасындағы айырмашылықты көрсететінін айтады. Оның айтуынша, 27-бапта қарастырылған құқық мемлекеттің егемендігі мен территориялық тұтастығына нұқсан келтірмейді. Дегенмен азшылықтың кейбір құқықтары территориямен және оның ресурстарын пайдаланумен тығыз байланысты болуы мүмкін. Мысалы, балық аулау, аң аулау, және заңмен қорғалатын резервация аймақтарында өмір сүру. Сонымен қатар, Комитет азшылық өкілі міндетті түрде мемлекеттің азаматы болуға тиісті емес деп айрықша атап өтті, яғни еңбеккер-мигранттар немесе тіпті сырттан келушілер де дәл осылай 27-бапқа сәйкес қорғауға ие болады.

Сұрақтар

1. Г. Тункиннің пікірі бойынша халықаралық құқықтағы адам құқықтарын құрметтеу принципін мазмұны жеке тұлғаның емес, мемлекеттің міндеттеріне баса назар аударады. Себебі неде? Бұл мәселеге қатысты сіздің пікіріңіз қандай?

2. Адам құқықтарының әмбебаптылығы мен мәдени дәстүрлердің релятивизмі арасындағы кереғарлық неден? Сіз қай көзқарасты қолдайсыз? Ол пікірде болуыңыздың себебі неде?

3. *Minority Schools in Albania* ісінде Тұрақты Халықаралық Әділет Соты «заң алдындағы теңдік кез келген сипаттағы дискриминацияның алдын алады, ал іс жүзіндегі теңдік түрлі жағдайлар кезінде теңдікті орнату жолында оң нәтижеге қол жеткізу үшін әртүрлі қатынасты қажет етуі мүмкін» деп атап өтті. Бұған сіздің пікіріңіз қандай? Сіз бұл пікірмен келісесіз бе?

4. Қалай ойлайсыз, азшылыққа жататын, бірақ, басқа елдің азаматы болып табылатын тұлға басқа елдің территориясында да сол құқығын пайдалануы керек пе? Мысалы, азшылыққа жататын адам өзінің осы азшылық өкілі ретінде құқықтарына арқа сүйеп, басқа елдің территориясында аңшылықпен немесе балық аулаумен айналысса ше?

Әдебиеттер

1. Jacobs, White and Ovey: *The European Convention on Human Rights* (ed. B. Rainey, E. Wicks and C. Ovey), 6th edn, Oxford, 2014.

2. *The Oxford Handbook of International Human Rights Law* (ed. D. Shelton), Oxford, 2013.

3. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М. *Международное право. Общая и особенная части: Учебник*. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. Стр. 115-139.

4. Malcolm Shaw. *International Law* p. 210-231